
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017 - 9.16 - 2025 15.01.2025 ж.
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	Бет 1-8




**«Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасы
бойынша талапкерлерге арналған
Республикалық «ЖАС ЕКПІН» конкурсы туралы
ЕРЕЖЕ**

Алматы, 2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017 - 9.16 - 2025 15.01.2025 ж.
	Ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 2-8

«БЕКІТЕМІН»
ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректоры
Ерғобек Ш.Қ.




« » 2025 ж.

«Дәстүрлі музыка өнері» бойынша талапкерлерге арналған
Республикалық «ЖАС ЕКПН» конкурсына қатысу
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Талапкерлерге арналған аталмыш конкурстың бас ұйымдастырушысы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Музыкалық өнер» факультеті, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасы.
- 1.2. Конкурс «Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасы бойынша өткізіледі.
- 1.3. Конкурсқа Қазақстан Республикасы бойынша 2025 жылы оқуын аяқтайтын музыкалық орта оқу орындарының (колледж) **соңғы курс** білім алушылары мен арнайы мамандырылған музыка мектептерінің **бітіруші сынып** оқушылары қатыса алады.
- 1.4. Конкурсқа қатысу үшін үміткер (1-қосымшада) көрсетілген өтінім парағын және өтінішті толтырып, **dmo_2008@mail.ru** электронды почтасына жіберуі керек.
- 1.5. Конкурстың 1-ші кезеңі онлайн форматта, ал 2-ші кезеңі оффлайн форматта Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында өтеді.
- 1.6. Конкурсқа қатысушылардың жол, жататын орын және тәуліктік шығындар жіберуші жақ есебінен төленеді.
- 1.7. Бас жүлде алған конкурс лауреаттары Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 6B02101 «Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасы бойынша 2025-2026 оқу жылындағы талапкерлерді кезеңінде шығармашылық емтиханнан ең жоғарғы балл 100 балл (I шығармашылық емтихан: халық әні мен халық аспаптар пәндерінен – 50 балл, II шығармашылық емтихан: сольфеджио, музыкалық теориясы, гармония – 50 балл) қойылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017 - 9.16 - 2025
		15.01.2025 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 3-8

Ескерту: 2025 жылғы ҰБТ сертификаты (шектік балл жинаған) мен 2 шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша білім беру тапсырысының конкурсына қатыса алады. Талапкер қабылдау комиссиясына тиісті құжаттарды өткізуге міндетті.

2. Конкурстың мақсаты

- 2.1. Дәстүрлі ән-күй саласындағы асыл қазынасын жан-жақты насихаттау;
- 2.2. «Дәстүрлі музыка өнері» /Халық әні, Халық аспаптары/ білім беру бағдарламасы бойынша қызығушылығы бар талапкерлерге академияға оқуға түсу барысындағы талаптарды таныстыру;
- 2.3. Дарынды жастардың шығармашылығын дамытуға ықпал ету.

3. Ұйымдастыру комитеті

3.1. Ұйымдастыру комитеті:

1. Муканов Жанат Канатович
2. Мукамаева Айдана Нұрсатбекқызы
3. Дүйсенбекқызы Тоғжан

Ұйымдастыру комитетінің міндеті:

- Конкурстың өтуіне жауапты қатысушы үміткерлерге арнайы чат ашып, ережемен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
- Пochтаға келген өтінім құжаттарға ұйымдастырушылар тарапынан кері байланыс жасауға;
- Конкурс барысында Telegram желісі (+7747 790 7777, +7747 111 2294) арқылы үміткерлердің бағдарламаларын тыңдауды қадағалауға;
- 2 тур барысында үміткерге қажетті музыкалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге;
- Ережеде көрсетілген конкурсқа қатысу шарттары мен талаптарына сәйкес конкурстың өтуін қадағалап, туындайтын мәселелерді шешуге міндетті.


Ұйымдастыру комитетінің құқығы:

- Ережеге сәйкес қатысушының құжаттары толық болмаған, өтінім дұрыс толтырылмаған жағдайда конкурсқа қатыстырмауға;
- Қатысушылардың видеожазбаларын академияның әлеуметтік ресми парақшаларында орналастыруға құқылы.

3.2. Әділқазы алқасының төрағасы: Алпысбаева Венера Нағметдуллаевна

Әділқазы алқасының мүшелері:

1. Даржан Шолпан Жарқеткенқызы
2. Стамғазы Рамазан Өмірәліұлы
3. Мукышев Талгат Карипжанович
4. Әбуғазы Мұрат Қазенұлы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017 - 9.15 - 2025 15.01.2025 ж.
	Ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 4-8

5. Джампеисов Нуржан Кабимолдаевич

6. Нурмолдин Сырым Жумабекович

Әділқазы алқасының міндеті:

- Әділқазы алқасы әр қатысушыны тындап, бағалау критерийлеріне сәйкес бағалауға;
- Конкурс хаттамасына төраға мен барлық қатысқан әділқазы алқасының мүшелері қол қоюға міндетті.

Әділқазы алқасының құқығы:

- Конкурс қорытындысын еркін түрде хаттамамен рәсімдеуге;
- Конкурс барысында тәртіпсіздік танытқан немесе дайындықсыз келген үміткерлердің өнерін қарастырмауға құқылы;

Хатшы:

Картенбаева Корлан Маратовна

Хатшының міндеті:

- Конкурс қорытындысы бойынша хаттама толтыруға;
- Конкурс нәтижесі туралы ақпаратты әзірлеп, ұйымдастыру комитетіне ұсынуға міндетті.

4. Конкурса қатысу шарттары

4.1. Байқауға қатысушы әрбір үміткер талапта көрсетілген бағдарламаға сәйкес әндерін немесе күйлерін сапалы видеоға алдын ала жазып, наурыз айының 3-не дейін Telegram желісіне (+7747 790 7777, +7747 111 2294) жіберілуі керек.

Конкурса қатысушы үміткерлерден:

1. «Халық әні» (дәстүрлі орындаушылық) номинациясы

- 1) Халық әні (өз тандауы бойынша)
 - 2) Халық композиторларының бір әні (Жетісу, Арқа, Батыс, Алтай-Тарбағатай, Сыр бойы әншілік дәстүрлері бойынша)
- (Байқауға қатысушы әндерді жанды дауыста, домбыра, қобыз, жетіген, сырнай аспаптарының сүйемелдеуімен орындайды.)


2. «Домбыра» номинациясы

- 1) Төкпе дәстүрінен 1-күй (Батыс, Маңғыстау, Сыр өңірлерінің күйшілік дәстүрлері бойынша.
- 2) Шертпе дәстүрінен 1-күй (Жетісу, Арқа, Қаратау, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрлері бойынша)

3. «Фольклорлық аспаптар» номинациясы

1. Қылқобыз

- 1) Ықылас Дүкенұлының бір күйі
- 2) Халық композиторларынан бір күй

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017 - 9.15 - 2025 15.01.2025 ж.
	Ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 5-8

2. Сыбызғы

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

3. Жетіген

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

4. Шерттер

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

4.2. Үміткер 2 кезеңге өткен жағдайда, байқаудың 2 кезеңінің шартына сай бағдарлама дайындауы қажет.

Екінші кезең талаптары:

«Халық әні» (дәстүрлі орындаушылық) номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер:

- 1) Халық әні (өз таңдауы бойынша)
- 2) Халық композиторларының бір әні (Жетісу, Арқа, Батыс, Алтай-Тарбағатай, Сыр бойы әншілік дәстүрлері бойынша)

«Домбыра» номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер жоғары деңгейдегі шеберлік пен техникалық мүмкіндіктерді көрсете алатын:

- 1) Төкпе дәстүрінен 1-күй (Батыс, Маңғыстау, Сыр өңірлерінің күйшілік дәстүрлері бойынша.
- 2) Шертпе дәстүрінен 1-күй (Жетісу, Арқа, Қаратау, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрлері бойынша)

«Фольклорлық аспаптар» номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер жоғары деңгейдегі шеберлік пен техникалық мүмкіндіктерді көрсететін халық күйі немесе халық композиторларынан **екі** күй орындауы қажет.


ЕСКЕРТУ: Бірінші кезеңде орындалған байқау бағдарламасы екінші кезеңде қайталанбауы керек. Өтінім парағында көрсетілген бағдарлама өзгертуге жатпайды.

4.3. Конкурса қатысушы талапкердің шығармашылық жұмысын әділқазы алқасы төменде көрсетілген бағалау жүйесіне сәйкес қорытындылайды.

4.4. Үміткердің шығармашылық жұмысына берілген әділқазы алқасының бағасы қайта қарастырылмайды.

«Халық әні», «Домбыра» және «Фольклорлық аспаптар» номинациялары бойынша бағдарламаларын бағалау критерийлері

10 балл ("5" – өте жақсы) – Шығарма мазмұнына сай келеді, орындауы өте жоғары деңгейде.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017 - 9.16 - 2025 15.01.2025 ж.
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	Бет 6-8

9-8 балл ("5 -" – өте жақсы) – Шығарма мазмұнына сай келеді, орындауы жоғары деңгейде.

7-6 балл ("4" – жақсы) – Шығарма мазмұнына сай келеді, бірақ орындаушылығы орташа деңгейде.

5-4 балл ("4 -" – жақсы) – Шығарма ережеге сай, тек мазмұнында көптеген қателіктер бар.

3-2 балл – ("3" – қанағаттанарлық) – Шығарманы түсінбеген, мазмұнын аша алмады.

1-0 балл ("2" – қанағаттанарлықсыз) – Ереже бойынша берілген критерийлерді орындай алмады.

5. Өткізу мерзімі

5.1. Өтетін уақыты:

1 кезең - 5 ақпан – 03 наурыз 2025 жыл (telegram онлайн)

2 кезең - 14 наурыз (оффлайн)

5.2. Қатысушылардың өтінімі және өтініш құжаты онлайн форматта 2025 жылдың 5 ақпан – 03 наурыз 2025 жыл аралығында қабылданады.

Email: dmo_2008@mail.ru электронды почтасына жіберіледі.

Ескерту: өтініш құжатында талапкер қолының қойылуы шарт.

5.3. Өтінім көрсетілген мерзімнен кешігіп жіберілген жағдайда қабылданбайды.

5.4. **Өтетін орны:** Алматы қаласы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының Оқу театры.

6. Қорытындыны жариялау

6.1. Қазылар алқасы үміткердің шығармашылық жұмыстарын арнайы бағалау жүйесіне сәйкес қорытындылайды.

6.2. Конкурс қорытындысы бойынша арнайы хаттама толтырылады.


6.3. 1 кезеңнің нәтижесі 1 жұмыс күні ішінде белгілі болып, қатысушыларға хабарланады және академияның ресми сайтына ілінеді.

6.4. Қазылар алқасы келесі номинациялар бойынша марапаттайды:

- Халық әні (Бас жүлде, 1, 2, 3 орын, дипломант)

- Домбыра (Бас жүлде, 1, 2, 3 орын, дипломант)

- Фольклорлық аспаптар (Бас жүлде, 1, 2, 3 орын, дипломант)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

П 017 - 9.16 - 2025

15.01.2025 ж.

Ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 7-8

Қосымша 1

«ЖАС ЕКПН»

Республикалық байқауына қатысушының өтінім парағы

1. Аты - жөні (толық) _____

2. Оқу орынның толық атауы және ұстазының толық аты-жөні _____

3. Байланыс телефоны _____

4. Орындалатын шығармалардың аты және авторы _____

I – кезең


1) _____

2) _____

II – кезең

1) _____

2) _____



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ







П 017 - 9.15 - 2025

15.01.2025 ж.

Ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 8-8

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірлеген		
«Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының меңгерушісі		Даржан Ш.Ж.
Келісілді		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Маткерим Д.А.
Мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы		Токеева А.Д.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.
«Музыкалық өнер» факультетінің деканы		Алпысбаева В.Н.